

Сарыбаева И.С.¹, Балмағанбет Б.Ж.²

¹Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., e-mail: indira-1982@mail.ru

²1 курс магистранты, e-mail: beibit_95@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

БАЛАЛАР ҮЙІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖҮЙЕСІ

Бұл мақалада балалар үйі түлектерінің әлеуметтік бейімделу мәселелері мен олардың постинтернаттық сүйемелдеу мәселелері қарастырылған. Қазіргі таңда жетім балалардың санының көбеюі әлемдік ғалымдардың назарын көп аудартуда. Жетім балалардың көбею тенденциясына байланысты түрлі факторлар ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілген. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында, қазіргі таңда жетім түлектердің қоғамға сәтті бейімделу мәселелері мен оларды постинтернаттық сүйемелдеу өзекті тақырыптардың бірі екенін көрсетті. Жұмыстың мақсаты – жетім балалардың балалар үйінен кейінгі қоғамдағы орнын, әлеуметтік бейімделуін теоритико-методологиялық тұрғыда анықтау. Жетім балаларды өз бетінше өмір сүруіне дайындауға қатысты әдебиеттерді талдау кезінде, жетім түлектердің өзіндік дағдыларын қалыптастырудағы ең тиімді технология сүйемелдеу екенін көрсетті. Сүйемелдеу әлеуметтік жұмыстың технологиясы ретінде қарастырылады, оған кіреді: жетім түлектердің бейімделу барысындағы бірнеше мәселелерді шешетін тиімді білімдер жүйесі; диагностикалық мақсатты тұжырымдау негізінде мәселені кезең-кезеңмен шешу. Сүйемелдеу балалар үйі мекемелерінде постинтернаттық кезеңде ұйымдастырылады. Сүйемелдеу технологиясын іске асырудың екі деңгейі бар: жүйелік сүйемелдеу (мәселені оңалту мен түзету) және индивидуалды сүйемелдеу. Сүйемелдеу жүйесі жетім түлектерді өз бетінше өмір сүруіне дайындық бағдарламасын ұсынады. Бұл бағдарламаның жетім түлектердің бейімделу мәселесін шешетін ерекшеліктері көрсетілген.

Түйін сөздер: жетім балалар, өзіндік өмір сүру, сүйемелдеу, технология, бейімделу.

Sarybaeva I.S.¹, Balmaganbet B.Z.²

¹Candidate of Sociology, Associate Professor, e-mail: indira-1982@mail.ru

²Masters of the first course, e-mail: beibit_95@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

System of support in solving problems of social adaptation of graduates of orphanages

The article discusses the problem of social adaptation and post-boarding support of the graduates of orphanage. The analysis of scientific literature on the organization of social adaptation and post-boarding support of graduates showed that today it is one of the most urgent problems in preparing of orphans to the successful socialization. The aim of the work is to determine the place in society and social adaptation of orphans after graduation from the orphanage on the basis of theoretical and methodological foundations. Analysis of literature for preparation of orphans support for independent life has shown that support is the most effective technology for the formation of independent skills in orphanages. Support

is reviewed as technology of social work, which includes: a system knowledge about effective ways of solving the problem (groups of problems) for orphans support in adapting them for the society; gradual solution of the problems on the basis of the diagnostic definition. Support is organized in institutions for orphans and in the post-orphanage period. There are two levels of implementation of the technology support: maintenance of the system (prevention and correction of problems) and case management. System of support includes the development of training programs for orphans for independent life. The features of these programs are marked. The conditions of success of support of orphans in the training for independent life are characterized.

Key words: orphans, independence, support, technology, adaptation.

Сарыбаева И.С.¹, Балмағанбет Б.Ж.²

¹кандидат социологических наук, доцент, e-mail: indira-1982@mail.ru

²магистрантка 1-го курса, e-mail: beibit_95@mail.ru

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Система сопровождения в решении проблем социальной адаптации выпускников детских домов

В статье рассматриваются проблемы социальной адаптации и постинтернатного сопровождения выпускников детских домов. На сегодняшний день рост числа детей-сирот не останется без внимания научных исследователей. В связи с тенденцией увелечения детей-сирот указаны различные факторы в исследованиях ученых. Анализ научной литературы по вопросу социальной адаптации и организации постинтернатного сопровождения показал, что на сегодняшний день это одна из актуальных проблем подготовки выпускников детских домов к успешной социализации. Цель работы – определение места в обществе и социальная адаптация детей-сирот после выпуска из детского дома на основе теоретико-методологических основ. Анализ литературы по подготовке детей-сирот к самостоятельной жизни показал, что наиболее эффективной технологией по формированию самостоятельных навыков у выпускников детских домов является сопровождение. Сопровождение рассматривается как технология социальной работы, включающая в себя: систему знаний об эффективных способах решения проблем выпускников детских домов при адаптации их в обществе; поэтапного решения проблем на основе диагностического целеполагания. Сопровождение организуется в учреждениях для детей-сирот и в постинтернатный период. Существуют два уровня реализации технологии сопровождения: системное сопровождение (профилактика и коррекция проблемы) и индивидуальное сопровождение. Система сопровождения включает разработку программ подготовки для сирот к самостоятельной жизни. Выделены особенности данных программ, способствующие решению проблем социальной адаптации сирот-выпускников.

Ключевые слова: дети-сироты, самостоятельность, сопровождение, технология, адаптация.

Кіріспе

Балалар үйі – өзіне тән жұмыс ерекшелігі бар өте маңызды балалық шақ аумағы. Балалар үйінің жұмысының басқа да білім мекемелерінен – бала-бақша мен мектептен айырмашылығы бар. Балалар үйіндегі басты міндеттер – балаларға жағдай жасау арқылы жанұялық жылу беру және оларды қоғамда өз ісіне жауап бере алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Мінез-құлқы әртүрлі балалармен қаншама жұмыс істеу, оларға жаңа білім берумен қатар, махаббат жылуын беру де негізгі міндеттер қатарына жатқызылады. Сондықтан ата-аналары, жақындары сатып кеткен балалар жүрегіне қаяу салмау үшін барлығын алдын ала ойлап, екшелеген дұрыс болады. Олар үлкендерге сенімсіздікпен қарайды. «Мен олар үшін өз адамдары бола аламын ба?», «Мені өз отбаста-

рына қабылдай ма?», «Тырнақтай болса да ата-аналарының орнын баса аламын ба?» деген ойлар жиі мазалайды.

Балалар үйі – ата-анасыз қалған балалар үшін құрылған тәрбие беру мекемесі. Балалар үйін ұйымдастырудың мақсаты – балаларға мемлекет тарапынан пана болу, материалдық, моральдық көмек беру, олардың білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау, мамандық таңдауына көмектесу, тәуелсіз өмір сүруге даярлау. Жалпы білім беретін оқу-тәрбиелік мекемелерде балалар 3 жастан 18 жасқа дейін толық мемлекет қамқорлығында болады. Қазақстанда алғашқы Балалар үйі 1918 жылы ашылды. Кеңес өкіметі кезінде Балалар үйінің: мектепке дейінгі (3–7 жастағы бүлдіршіндер); мектептік (7–14 жастағы балалар); аралас (бүлдіршіндер мен мектеп жасындағылар) және арнаулы (ата-аналары 2-дүниежүзілік соғыс кезінде

қаза тапқан балалар) түрлері болды. 1956 жылы Қазақстан үкіметінің қаулысы бойынша Балалар үйінде болу мерзімі 18 жасқа дейін ұзартылды. Мектептік Балалар үйі мектеп-интернат болып қайта құрылды (1959). Балалар үйіндегі балалар тобының көпшілігі отбасы үлгісінде ұйымдастырылған: ағайынды, апалы-сінділі балалар бірге өмір сүріп, тәрбиеленеді. Тәрбиеленушілер жақын маңда орналасқан мектептер мен оқу орындарында оқиды. Мектеп бітірген соң, арнаулы орта, жоғары оқу орындарына конкурстан тыс қабылдануға құқылы. Мұнда олар жалпы ережелерге сай мемлекет қамқорлығына алынады (<http://www.m.kazpravda.kz>: Почти 34 тысячи детей – сирот проживают в Казахстане).

Балалар үйінің түлектері – абстракттілі ұғым. Балалар үйі түлектерінің бейімделу мәселесі жаңа мәселе болып табылмайды, бұл мәселені «мәңгілік» деп атасақ та болады, себебі жетім балалар әр кезде ерекше жағдайда тәрбиеленеді. Өкінішке орай, жетім балалардың саны азаймай тұр. Еліміздегі статистикаға сүйенетін болсақ, ата-анасыз қалған жетім балалар саны 34 мыңға жуық.

Жетім балалар – кәмелеттік жасқа толмаған, ата-анасының екеуі де немесе біреуі қайтыс болған, сонымен қатар ата-ана құқығынан айырылғандардың балалары; өз баласынан бас тартқан ата-аналар, интернаттық мекемеде тәрбиеленетіндер.

Баланың жабық мекемеде ұзақ уақыт болуы, толықтай мемлекет қарауында болуы, жасанды жақсы жағдайда тәрбиеленуі, оның заманауи қоғамда тұлғалық әлеуметтік-мәдени бейімделуін тежейді. Қалыпты баланың отбасы жағдайында үйренген барлық рөлін, жетім балалар үйінде тәрбиеленген бала бұл рөлдерді білмейді. Сол себептен қазіргі таңда балалар үйі түлектерінің 40 %-ы заң бұзушылық әрекетке барады, 30 %-ы ішімдік немесе нашақорлыққа тәуелді болса, 10 %-ы суицидпен өмірлерін аяқтайды. Түрлі сұраулар, әңгімелесу, статистика, тесттер өткізу әлеуметтік рөлді қабылдаудағы себептерді анықтауға мүмкіндік берді (Прихожан, Толстых, 2005: 400).

Ақпарат және әдістер

Осы анықтамаға сәйкес, біз бала әлеуметтік өзгерістерге әр түрлі жауап береді деп айта аламыз. Бейімделу процесі өмір бойы жалғасады және жетім балаларды мекемеден тыс үлкен өмірге дайындаудағы ең негізгі мәселе – нақты

тәжірибе, еңбекке икемдігі. Сол себептен, мекеме ішіндегі әлеуметтік бейімделудің негізгі міндеттерін көрсетуге болады:

- өмірді қамтамасыз ету – жеке гигиена дағдысы, күн тәртібі, қауіпсіздік және өмірлік әрекеттер ережесі, жол ережесін білу, т.с.с.

- коммуникативтік мәдениет – этикетті игеру, қоғамдық өзін ұстай білу, таныс немесе бейтаныс адамдармен қарым-қатынас нормалары;

- өз-өзіне қызмет көрсету – өз денесіне, киіміне, аяқ-киіміне гигиена ережелері, тұратын, оқитын, ойнайтын орындарын ретке келтіру ережелері, тұрмыстық техниканы пайдалану ережесі, қажет заттарды сатып алу ережесі;

- бос уақыт – салауатты өмір салтын ұстану, спортпен, өнермен шұғылдану, өз уақытын тиімді ұйымдастыру (Шипицына, 2005: 300).

Жетім балалар үйінде тәрбиеленетін балада іс жүзінде өзін «жетімдік» рөлінен басқа рөлді сезінетін мүмкіндік жоқ. Ол балада басқа да рөлдердің бар екендігі туралы ақпарат та аз болады.

Жетім балаларға арналған мамандандырылған мекеменің және балалар үйінің түлегіне қысқаша әлеуметтік-психологиялық мінездеме берейік. Ол 14-18 жастағы қыз немесе ер бала, оған тән қасиеттер:

- жұмыс барысында, қызмет көрсету сферасында адамдармен әлеуметтік байланыстың жоқтығы;

- үлкендермен немесе өз қатарластарымен қарым-қатынастағы қиыншылықтар;

- сезімталдық сфераның дамуындағы бұзушылықтар, басқаларды түсінбеу, қабылдамау, өз сезімі мен тілегіне ғана сену;

- әлеуметтік интеллектің төменгі деңгейі, өмірлік дағдылардың болмауы (тұрмыстық, экономикалық, әлеуметтік, еңбектік);

- еңбектенуге деген қажеттіліктің қалыптаспауы;

- біреудің есебінен күн көру, өмірдің материалдық жағдайын түсінбеу;

- жеке тұлғалық қасиеттің дұрыс дамымауы;

- өз ісіне жауапкершіліктің әлсіз дамуы;

- денсаулығы нашарлығы;

- туыстарына, мемлекетке, қоғамға деген тұтынушылық қарым-қатынас психологиясы;

- өз-өзіне сенімсіздік, өзін төмен бағалау, тұрақты достарының, олардың көмегінің болмауы;

- болашаққа өмірге деген мақсат қоя білудің қалыптаспауы;

- өмірлік жоспардың қалыптаспауы (Владиминова, Спаньярд, 2007 : 30).

Аддиктивті мінез-құлыққа бейімділігі – психоактивті заттарды қолдану (темекі, ішімдік, наша, дәрілік препараттар, т.б).

Балалар үйі түлектерінің постинтернаттық кезеңде өз бетінше өмір сүруге бейімделуі барысында көптеген мәселелер тән. Ең алғашқы және ең бастысы – өз бетінше әрекет ете алмау және біреуге арқа сүйеушілік. Барлық эксперттердің айтуы бойынша, жетім балаларды балалар үйінде қаншалықты отбасылық жағдай типіне келтіріп тәрбиелегенімен, балалар үйі түлектері өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Оларды мемлекет қанша жерден тәрбиелеп, үйдегідей жағдайын жасап, тамағын, киімін, үймен қамтамасыз еткенімен, бәрібір отбасы қатынасы атмосферасындай бола алмайды. Үйдегі ата-ана жылуын сезіне алмайды. Балалар үйі түлектерінің өз бетінше өмір сүруге деген негативті жағдайы түрлі жағдайларда көрініс табады:

- тұрмыстық жағдайда (тұратын жерін жинау, тамақ жасау, кір жуу, ақшаны пайдалана білу);

- коммуникативтік жағдайда (жетім балалар кәдімгі балаларға қарағанда тұйық болады, оларда қандай да бір мәселе туындаған жағдайда ешкіммен талқыға салуға келіспейді);

- білім алу жағдайында (жетім балалар басым көпшілігі мектеп бітірмейді. Себебі, мектеп қабырғасында бір қиын мәселеге жолыққан жағдайда, бала күйзеліске шалдығып, оқудан қуылады);

- кәсібилік жағдайда (жұмыс жасауға дайын емес).

Эксперттердің ойы бойынша, бұл жағдай баланың «жасанды» ортада әлеуметтену процесі жүріп жатқанымен түсіндіріледі (Гарашкина, Дружинина, 2014:139-147).

Қалыптасқан күн тәртібі, мекемедегі қызметкерлердің іс-әрекеттері балада үлкеннің қадағалау, бақылау әдетін қалыптастырады, бұл әдеттің артында балада ерікті таңдау қабілеті мен өз-өзіне жауап беру мен шешім қабылдау қабілеттерін тарылтады.

Арқа сүйеушілік мәселесі – мемлекет тарапынан өзінің әлеуметтік жетімдік статусын асыра сілтеп пайдалану – ең ауыр және шешу қиын мәселенің бірі. Мемлекеттегі саясат жүйесіне сәйкес қолдау көрсету жүйесі жетімдерді үйде тәрбиеленген балаларға лайықты етіп көмегін көрсетеді, материалдық, білім, мәдениет, т.б. жағдайларды жасайды. Жетім балалар бұндай жағдай жасала берген сайын, олар әрқашан мемлекетке тәуелді болуы мәселелері туындайды.

Ата-анасыз қалған жетім балалардың ең көп таралған аумақты мәселелерінің бірі – эмоционалды-психологиялық еркіндік сферасының дамуының тоқтауы мен спецификасы; отбасылық әлеуметтену тәжірибесінің болмауы; ортамен және басқа адамдармен қарым-қатынас тәжірибесінің болмауы; адамдар мен материалдық құндылықтарға деген тұтынушылық қатынас; өз-өзін бағалаудың адекваттық емес қатынасы; тұйықтық; жалғыздық; т.б. А.М. Прихожина мен Н.Н. Толтой ғалымдардың ойы бойынша, балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың психикалық даму спецификасы «норма-патология» критерийі бойынша анықталмайды (Бобылева, Заводилкина, 2015: 6-15). Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулерде отбасыдан тыс кезде баланың дамуы ерекше жолмен жүреді және ол баланың мінезінде, іс-әрекеттерінде, спецификалық мінездер қалыптасады.

Балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың даму ерекшеліктерінде олардың әлеуметтік бейімделуінің қиындығы жатыр. Әлеуметтік бейімделуі мағынасында адамның қоғамға интеграция жүйесі жатыр, нәтижесінде өзіндік сана-сезім мен рөлдік іс-әрекет, өзін бақылау мен өзіне қызмет көрсету қабілеттері, ортамен адекватты қатынас қалыптасады.

Жетім балаларға өз бетінше өмір сүру процесі басталған кезде екі қажетті міндет тұрады: тәжірибе барысында өз бетінше өмір сүруге, өзін қамтамасыз етуге және өзінің жаңа кеңістігінің шекарасын нақтылау.

Балалар үйінен шыққан кейінгі алғашқы жылда түлектер қолдауды қажет етеді. 50 %-дан арта түлектер өз бетінше өмір сүру барысында қасында біреудің болуын қажет етеді, әйтпесе шарасыздықты сезінеді. Сондықтан да балалар үйі түлектеріне алғашқы жылдары көмек көрсету маңызды болып табылады.

Балалар үйінің балаларының әлеуметтенуі бірнеше факторларға байланысты қиындай түседі:

1. Бірге тұрудың ерекшелігі, кейбір балалармен бірге тұрудың «заңдылығы».

2. Мамандық таңдаудың мүмкіндігінің жоқтығы. Бүгінгі күнде әлеуметтік қызметтермен байланысы бар, жатақханамен қамтамасыз етілген колледж немесе лицейлерде ғана білім ала алады.

3. Өз тұрғын үйінің болуының қадірін бағалай алмау. Тұрмыстық-үй жағдайына олақ болу.

4. Қоршаған ортаның көзқарасына деген төмен деңгейлі қарым-қатынас.

5. Көптеген түлектер қиын жағдайда қалыптасқан конструктивті емес іс-әрекет моделіне ие: олар болған жағдайды талдай алмайды, жағдайды бағалауды білмейді. Мәселені шеше алмау дезадаптацияға әкеледі.

6. Бейімделуге кері әсерін тигізетін физикалық қауіптің барын сезінуі. «Қауіпті топ» адамдарымен байланыста болу, қаржылай ресурстың жеткіліксіздігі.

Сонымен қатар түлектердің сәтті бейімделуіне септігін тигізетін бірнеше факторларды да айта кеткен жөн:

1. Балалар үйінде тұрған тәжірибесі, оның ата-анадан ерте айырылғаны, өз бетінше өмір сүру барысында, оның қиын жағдайда тек өзіне ғана сенім сезімін қалыптастырады. Ол тек өз күшіне сенеді. Көмекті ешкімнен

күтпейтінін түсіне отырып, бейімделудің қалыпты аспектісі болып табылатын, ол өзіндегі белсенділікті ынталандырады. Балалар үйінің түлегі біреу келіп, оның мәселесін шешіп береді деп ойламайды, ол өз өмірі өз қолында екенін түсінеді.

2. Түлектер өз эмоцияларын ашық көрсетуден қорықпайды. Олар қарсылық көрсетуге, өз ойларын ашық жеткізуден ұялмайды. Кернеуді түсіру – денсаулық психикасын жақсы жағдайда сақтайды.

Балалар үйі түлектерінің постинтернаттық әлеуметтік бейімделуіндегі сүйемелдеудің стратегиялық жоспары 2 кезеңнен тұрады, шарт бойынша баланың жекелік дамуының міндетті жастары: 16-18 жас – қалыптастырушы кезең, 18-23 жас – сүйемелдеу кезеңі.

1-кесте – Жеке тұлғалық постинтернаттық әлеуметтік бейімделу кезеңдері

Жоғарғы	Ортаңғы	Төменгі
Ұжымдық өмірдің нормаларын саналы түрде қабылдау және орындау	Ұжымдық өмірдің нормаларына конформизм	Ұжымдық өмірдің нормаларын қабылдамау
Индивидуалды және әлеуметтік баланс	Индивидуалдылықтың немесе әлеуметтіктің басымдылығы	Индивидуал мен әлеуметтік дисбалансы
Үлкендермен және өз қатарластарымен қарым-қатынас гармониясы	Ортамен сенімсіз қарым-қатынас	Қоршаған ортамен конфликтті қатынас
Педагогикалық ықпалға адекватты қатынас	Педагогикалық ықпалға қайшы қарым-қатынас	Педагогикалық ықпалға адекватты емес қарым-қатынас
Іс-әрекетін өзіндік бақылау	Іс-әрекетті сыртқы бақылау	Басқарылмайтын іс-әрекет
Ұжым өміріне белсенді қатысу	Ұжым өміріне оқтын-оқтын қатысу	Ұжым өміріне пассивті қатысу
Өз статусы мен қарым-қатынастарына қанағаттану	Өз статусы мен қарым-қатынасына жартылай қанағаттану	Өз статусы мен қарым-қатынасына қанағаттанбау

Қалыптастырушы кезеңнің міндеттері болып:

1. Балалар үйі тәрбиленушісінің заманауи қоғамға сәтті интеграциялауына жол беретіндей белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру.

2. Мамандық туралы ойларды, кәсіби өсу, мамандықты таңдау ережелерін білуді, осындай әлемнің бар екенін қалыптастыру.

3. Өз өмірінің дағдылары мен қызметін жеке тұлға ретінде, отбасы мүшесі ретінде, азамат ретінде, кәсіби тұлға ретінде қалыптастыру.

4. Әлеуметтік және педагогикалық қолдау (Mike Stein and Kate Carey, 1986: 200).

Сүйемелдеудің мазмұнды компоненті медико-әлеуметтік және психологиялық көмектерді қосады:

1. Түлектерге индивидуалды және топтық психологиялық көмек көрсету.

2. Медико-әлеуметтік комиссиясымен қарым-қатынас.

3. Балалар үйі түлектерінің ішінен қиын өмірлік жағдайларға тап болған немесе әлеуметтік қиын жағдайдағы жас отбасылар мен жалғызбасты аналарды табу.

4. Түлектерге қиын жағдайға түскен кезде уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету.

5. Түлектер қатарынан жас отбасыларға, жалғызбасты аналарға, психолого-педагогикалық және медико-әлеуметтік көмек көрсету.

6. Түлектердің постинтернаттық бейімделуіне бағытталған әлеуметтік жобаларға қатысу.

Нәтижелер мен Талқылау

Статистикалық ақпараттардың айтуы бойынша, жабық мекемелердегі тәрбиеленуші балалар, әдетте, интеллектуалды дамудың төменгі деңгейде болуы, олардағы психикалық және танымдық әрекеттердің қалыптаспауы, яғни ойлау қабілеті, көңіл аудару, есте сақтау мен қиялдау секілді әрекеттермен ерекшеленеді. Бұндай балаларда өзін төмен бағалау дамыған және бұлар болашақта қандай мәселелермен жолығатынын білмейді.

Барлық балалар үйі мен интернат мекемелерінің барлығы балаға тәрбиеленуші және оқушы рөлін нақты орындауды міндеттейді. Қатал регламент, өмір сүру, тамақтану, оқу, ойын режимдері, баланың «жеке кеңістігі» болмауы, балада өз-өзіне жауап беру, еңбектену, адамдарды ажырата білу секілді қасиеттерді қалыптастыруға жол бермейді. Одан да сорақысы, балада әлеуметтік біліксіздік пен «қоршаған ортаға сенімсіздік» тундайды, балада коммуникативтік мәдениет дамымайды.

Көптеген ата-анасыз қалған балаларды қоғамға дайындау мәселесімен айналысатын зерттеушілер (И.А. Бобылева, М.И. Буянов, И.Ф. Дементьева, И.В. Дубровина, Е.И. Казакова, Л.Л. Митяев, В.С. Мухина, Л.Я. Олиференко, Л.М. Шипицына, Т.И. Шульга, Н.Н. Юдинцева, т.б.) айтуы бойынша, балалар үйі түлектерінде балалар үйі мекемесінен тыс өз-өзін қамтамасыз ете алу дағдылары дамымаған (Рожков, Байбородова, Сапожникова, 2010: 101). Интернат немесе балалар үйі, басқа да мекемелердің түлектерінде кәсіби оқыту мекемелерінде, жұмысқа тұру барысында, үй алу кезінде, адамдармен қарым-қатынаста, заңдық және экономикалық білімдердің төменгі деңгейі ерекшелеп тұрады.

Нәтижесінде елдің кейбір аймақтарында әрбір екінші балалар үйінің түлегі қауіпті топқа жатады (қаңғыбас болады, заң бұзушылық жазаға тартылады, т.б.)

Түлек жетім балалардың өз бетінше өмір сүруге дайындаудағы әдебиеттерді талдай келе, олардың өз бетінше дағдыларын қалыптастырудағы эффективті технология «сүйемелдеу» екені анықталды.

«Сүйемелдеу» түсініктемесіне авторлар әр түрлі анықтама береді:

– пайда болған мәселені диагностикалайтын кешенді әдіс, мәселені шешу мүмкіндігі туралы

ақпараттар; мәселені қабылдау мен шешу жолында кеңес берулер; жоспарды орындаудағы алғашқы көмек;

– мемлекеттік және қоғамдық институттардың кешенді әрекеттері;

– әлеуметтік педагог пен жетім баланың өзара берлескен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттері.

Кейбір жұмыстарда сүйемелдеуді шығарып салушы мен бала арасындағы, өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған өзара қарым-қатынас ретінде қарастырады.

Н.В. Гарашикино мен А.А. Дружининаның әлеуметтік жұмыстағы технологиясына берген анықтамасына сүйене отырып, біз сүйемелдеуді әлеуметтік жұмыстың технологиясы ретінде қарастырамыз, оған: жетім балалардың қоғамда бейімделу мәселесін шешетін тиімді тәсілдер жүйесі кіреді (Абдрашитова, Паточкина, 2015: 3-5.)

Балалар үйі түлектерін сүйемелдейтін жүйе жетім баланың тұлғалық дамуына жақсы жағдай жасауды, өз бетінше мәселелерді шеше алу дағдылары мен болашақта табысты болуға бағытталған.

Жетім балаларды сүйемелдеу жүйесінде екі негізгі топ міндеттері қарастырылады:

1) балалардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, отбасылық жағдай жасау; өз бетінше өмір сүруге дайындайтын бағдарлама жасау, тәрбиеленушілердегі әлеуметтік, қоғамға белсенді бейімделуге бағытталған дағдыларды қалыптастыру;

2) табысты бейімделуді ұйымдастыру; үймен қамтамасыз ету; белсенді рыноктық ортада жұмыспен қамту.

Жетім балаларды сүйемелдеу технологиясы екі деңгейде жүргізіледі:

– жүйелік сүйемелдеу (мәселені оналту мен түзету, балаларға қажет білім мекемелерін құру, оналту-түзету бағдарламасын жасау).

– баланың нақты мәселесіне байланысты индивидуалды сүйемелдеу.

Баланы сүйемелдеудегі басты қағидаларға жатады:

– сүйемелдеушінің ұсыныс мінездемесі;

– сүйемелделуші қызығушылығының артықшылығы;

– мультидисциплинарлылық.

Л.М. Шипицына, Е.И. Казакова, Л.В. Мардаханованың зерттеу негізінде сүйемелдеудің технологиясының нұсқасын қарастырайық:

1. Диагностикалық этап: баланың мәселесін бағалау, әлеуметтік қызметкермен мәселені шешу жолын қарастыру.

2. Кеңес беру: мәселені шешудегі технологияны таңдау, мәселені талқылау, мотивация.

3. Ис-әрекет: таңдалған технологияны іске асыру.

4. Бағалау: нәтижені талдау (Шипицына, 2005: 300).

Жетім балаларды сүйемелдеу технологиясы әлеуметтік қызметкер тарапынан диагностикалық, аналитикалық, мониторингтік сараптама, кеңес беру секілді жүреді.

Қорытынды

Осылайша, балалар үйі өз бетінше өмір сүруін жақсы жолға қалыптастыруда, интеграция мәселесін шешуде, тиімді бейімделуі үшін, оларға әлеуметтік жұмыстың сүйемелдеу технологиясы тиімді болып табылады. Себебі, олар балалар үйі қабырғасынан қоғам жайлы ақпарат алып, қоғаммен қалай байланыс орнатуы қажет екенін біліп шығады. Болашақта бұл білімдері, олардың бейімделу жолында жақсы құрал болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Абдраштова И.И., Паточкина Н.А. Проблемы социальной адаптации выпускников детских домов и интернатов // Вестник совета молодых ученых и специалистов Челябинской области. – 2015. – № 1. – С. 3–5.
- 2 Астоянц М. С. Политический дискурс о сиротстве в советский и постсоветский период: социальная интеграция или социальное исключение? // Журнал исследований социальной политики. – 2006. – Т. 4. – № 4. – С. 475–500.
- 3 Бобылева И.А., Заводилкина О.В. Подготовка воспитанников интернатных учреждений к самостоятельной жизни // Вестник МГОУ. Серия: Психологические науки. – 2015. – № 1. – С. 6-15.
- 4 Бобылева И.А. Основные подходы к созданию региональной системы сопровождения выпускников интернатных учреждений // Постинтернатное сопровождение детей-сирот: успешные практики, технологии, нормативное обеспечение: материалы, межрегиональной научно-практической конференции. Ч.1. 22-23 июня, г. Смоленск / под ред. И.А. Бобылевой. – М., 2010. – С. 9-28.
- 6 Владимирова Н.В., Спаньярд Х. Шаг за шагом: индивидуальное консультирование выпускников детских домов и школ-интернатов. – М., 2007. – С. 30.
- 7 Гарашкина Н.В., Дружинина А.А. Социальная работа по решению проблем самовольных уходов несовершеннолетних из семей: технологический подход // Социально-экономические явления и процессы. – Тамбов, 2014. – Т. 9. – № 9. – С. 139-147.
- 8 Деева Е.В. Социально-педагогическая деятельность с несовершеннолетними, склонными к самовольным уходам из семей и специальных учебно-воспитательных учреждений // Социально-экономические явления и процессы. – Тамбов, 2014. – Т. 9. – № 10. – С. 202-208.
- 9 Ерёмченко Т. В. Постинтернатное сопровождение детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, как приоритетное направление социальной защиты // Гуманитарные и социальные науки. – 2014. – № 2. – С. 288–291.
- 10 Комплексное сопровождение и коррекция развития детей-сирот: социально-эмоциональные проблемы / под науч. ред. Л.М. Шипицыной, Е.И. Казаковой. – СПб., 2000. – С. 58.
- 11 Прихожан А.М. Психология сиротства / А.М. Прихожан, Н.Н. Толстых. – СПб.: Питер, 2005. – 400 с.
- 12 Рожков М.И., Байбородова Л.В., Сапожникова Т.Н. Взаимодействие субъектов постинтернатного сопровождения детей-сирот. – Калининград, 2010. – С. 101.
- 13 Розуван А.М., Редикульцева Е.Н. Правовое регулирование обеспечения жилищных прав детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей: актуальные проблемы и возможные пути их решения // Вестник Вятского государственного гуманитарного университета. – 2013. – № 1. – С. 88–93.
- 14 Услуга «Социально-психолого-педагогическое сопровождение выпускников организаций для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в условиях самостоятельного проживания (подготовка к независимой жизни)». Кн.26/ под ред. М.О. Егоровой. – М., 2013. – С. 98.
- 15 Шипицына Л.М. Психология детей-сирот. – СПб., 2005. – 300 с.
- 16 Browne K. In association with Save the Children and the Better Care Network The Risk of Harm to Young Children in Institutional Care. – 2012.
- 17 Eddy J. Walakira et al. Residential Care For Abandoned Children And Their Integration into a family-based setting in Uganda: Lessons for Policy and Programming in Infant Mental Health Journal, 2012. – Vol. 00(00). – s. 1–7.
- 18 John Bowlby. The attachment theory. – 1982. – P. 58.
- 19 Mike Stein and Kate Carey. Leaving care. – 1986. – P.200.
- 20 Michael Rutter. Helping troubled children. – 1999. – P. 432.
- 21 Neil Joseph Smelser. – 1994. – Sociology. – P. 316.
- 22 Pierre E. France: formation du jeune telespectateur // L'education aux medias / Responsable de la publication Zaghoul Morsy. – Paris: UNESCO, 1984. – //http://www.quarterly.uz.ua. P. 299 – 313.
- 23 Stein and SOS Children's Villages. When Care Ends: Lessons from Peer Research' Executive Summary. – 2012. – P. 64.
- 24 Tobis David, Moving from Residential Institutions to Community-Based Social Services in Central and Eastern Europe and the Former Soviet Union. – 2000. – pp. 62.

- 25 <http://www.m.kazpravda.kz> Почти 34 тысячи детей – сирот проживают в Казахстане.
 26 UNICEF. Changing Minds, policies and lives. – 2003. – P. 101.

References

- 1 Abdrashitova I.I., Patochkina N.A. (2015) Problemy socialnoi adaptatsii vypusnikov detskih domov I internatov [Problems of social adaptation of graduates of orphanages and boarding schools]. Vestnik of the Council of Young Scientists and Specialists of the Chelyabinsk Region. 1, pp. 3-5.
- 2 Astoyanc M.S. (2006) Politicheskii diskurs o sirotstve v sovetskii I postsovetskii period: socialnaya integraciya ili socialnoe iskluchenie? [Political discourse on orphanhood in the Soviet and post-Soviet period: social integration or social exclusion?]. Journal of Social Policy Studies. T. 4, 4, pp. 475-500.
- 3 Bobyleva I.A. (2010) Osnovnye podhody k sozdaniyu regionalnoy systemy soprovozhdeniya vypusnikov internatnykh uchrezhdenii [The main approaches to the creation of a regional system for accompanying graduates of residential institutions]. Post-service support of orphan children: successful practices, technologies, regulatory support: materials, interregional scientific and practical conference. Part 1. June 22-23, Smolensk, pp. 9-28.
- 4 Bobyleva I.A., Zavidilkina O.V. (2015) Podgotovka vospitannikov internatnykh uchrezhdenii k samostoyatelnoi zhizni [Preparation of pupils of boarding schools for independent life]. Vestnik MGOU. Series: Psychological sciences. No.1, pp. 6-15.
- 5 Browne K. In association with Save the Children and the Better Care Network (2009) The Risk of Harm to Young Children in Institutional Care.
- 6 Deeva E.V. (2014) Socialno-pedagogicheskaya deyatel'nost' s nesovershennoletnimi, sklonnymi k samovol'nym uhdam iz semei I special'nykh uchebno-vospitatel'nykh uchrezhdenii [Socio-pedagogical activity with minors prone to unauthorized care from families and special educational institutions]. Socio-economic phenomena and processes. Tambov, T. 9. No.106, pp. 202-208.
- 7 Egorova M.O. (2013) Usluga «Socialno-psichologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie vypusnikov organizatsii dlya detei sirot i detei, ostavshyhsya bez popecheniya roditel'ei, v usloviyah samostoyatel'nogo prozhivaniya (podgotovka k nezavisimoy zhizni)» [Service «Socio-psychological-pedagogical support of graduates of organizations for orphans and children left without parental care, in conditions of independent living (preparation for an independent life)». M., P.98.
- 8 Eremenko T.V. (2014) Postinternatnoe soprovozhdenie detei sirot I detei, ostavshyhsya bez popecheniya roditel'ei, kak prioritnoe napravleniye social'noy zashchity [Post-institutional accompaniment of orphans and children left without parental care as a priority direction of social protection]. Humanities and Social Sciences. 2, pp. 288-291.
- 9 Garashkina N.V., Druzhinina A.A. (2014) Socialnaya rabota po resheniu problem samovol'nykh uhdov nesovershennoletnih iz semei: technologicheskii podkhod [Social work to solve problems of unauthorized withdrawals of minors from families: a technological approach]. Socio-economic phenomena and processes. Tambov, T. 9. No.9., pp. 139-147.
- 10 Eddy J. Walakira et al. (2014) Residential Care For Abandoned Children And Their Integration into a family-based setting in Uganda: Lessons for Policy and Programming in INFANT MENTAL HEALTH JOURNAL, Vol. 00(00), 1–7.
- 11 John Bowlby (1982) The attachment theory. 58 p.
- 12 Michael Rutter. (1999) Helping troubled children. 432 p.
- 13 <http://www.m.kazpravda.kz> Почти 34 тысяч детей – сирот проживают в Казахстане
- 14 Mike Stein and Kate Carey. (1986) Leaving care. P.200.
- 15 Neil Joseph Smelser. (1994) Sociology P. 316.
- 16 Prihozhan, A.M. (2005) Psihologiya sirotstva [Psychology of orphanhood]. A.M.Prihozhan, N.N.Tolstyh. SPb: Piter. P. 400.
- 17 Shipicyna I.M. (2005) Psihologiya detei sirot [Psychology of orphans]. SPb., 300 p.
- 18 Pierre E. (1984) France: formation du jeune telespectateur / L'education aux medias / Responsable de la publication Za-ghloul Morsy. Paris: UNESCO, //http://www.quarterly.uz.ua. P. 299 – 313.
- 19 Rozhkov M.I., Baiborodova L.V., Sapozhnikova T.N. (2010) Vzaimodeistvie subyektov postinternatnogo soprovozhdeniya detei sirot [Interaction between subjects of post-institutional accompaniment of orphans]. Kaliningrad, P.101.
- 20 Rozuvan A.M., Redikulceva E.N. (2013) Pravovoe regulirovanie obespecheniya zhilishnykh prav detei sirot, ostavshyhsya bez popecheniya roditel'ei: aktualnye problem i vozmozhnye puti ih resheniya [Legal regulation of the provision of housing rights for orphans and children left without parental care: actual problems and possible solutions to them]. Vestnik Vyatka State Humanitarian University, 1, pp. 88-93.
- 21 Shipicyna L.M., Kazakova E.I. (2000) Kompleksnoe soprovozhdenie i korrektsiya razvitiya detei sirot: socialno-emotsional'nye problem [Integrated support and correction of development of orphans: social and emotional problems]. SPb., P.58.
- 22 Stein and SOS Children's Villages. (2012) When Care Ends: Lessons from Peer Research' Executive Summary. P.64.
- 23 Tobis David (2000) Moving from Residential Institutions to Community-Based Social Services in Central and Eastern Europe and the Former Soviet Union pp. 62.
- 24 UNICEF. (2003) Changing Minds, policies and lives. 101 p.
- 25 Vladimirova N.V., Snaryad H. (2007). Shag za shagom: individualnoe konsultirovaniye vypusnikov detskih domov i shkol – internatov [Step by step: individual counseling for graduates of orphanages and boarding schools]. M., P.30.